

# 13-тарау.

## Мемлекеттік бюджет



### Мемлекеттік бюджетті құрудың маңызы, қажеттілігі, функциялары мен принциптері

Мемлекеттік қаржы жүйесінде орталық және ең маңызды орынды мемлекеттік бюджет алады. Бюджет күрделі жүйе, қайсібір елдің ерекшелігін, оның әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқалай ерекшеліктер жиынтығының әсерінен қалыптасады. Бюджеттің құрылымы ең алдымен мемлекеттік құрылымға тәуелді болады.

Мемлекеттік бюджет – объективті сипатта болатын, мемлекет өмірімен тығыз байланысты экономикалық категория. Ол мемлекет пен басқалай экономикалық субъектілер арасындағы, елдің жиынтық қоғамдық өнім құны мен ұлттық байлықтың бөлігін мемлекеттің орталықтандырылған қорларын құру жолымен бөлу және қайта бөлу, оны әлеуметтік, басқалай қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, кеңейтілген ұдайы өндірісте пайдалану жөнінде пайда болған экономикалық қатынастар жүйесін сипаттайды. Осыдан оның ерекше тағайындалуы көрінеді.

Дербес елдің бюджеттік қаражаттарын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі бюджеттік қатынастар жиынтығы мемлекеттік бюджет түсінігін сипаттайды. Экономикалық маңызы бойынша мемлекеттік бюджет – бұл мемлекеттің ұлттық байлықты қайта бөлу процесінде заңды және жеке тұлғалармен пайда болған ақшалай қатынастары.

Мемлекеттің шаруашылық субъектілерімен, соңғысының мемлекет алдындағы өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау жөніндегі қатынасы қаржылық қатынастар жүйесінде ерекше орын-

ды алады. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын қаржыландырудың негізгі көзі болып мемлекетте құралатын ақшалай қорлар табылады. Сондықтан бюджет елдің мемлекеттік экономикалық саясатының әрбір даму кезеңіндегі қондырмаға тәуелді, керекті экономикалық категория.

Оның бөлудің дербес сферасы ретінде әрекет етуі, дамуы қаржы ресурстарын орталықтандыруды қажет ететін қоғамдық өндіріспен объективті шарттастырылған.

Дербес мемлекеттің қызмет ету процесінде бюджет-қаржы қатынастары бюджетке заттандырылу арқылы материалды-заттай өзгереді. Мемлекет реттеуді бюджет арқылы қаржы ресурстарын экономикалық және әлеуметтік дамудың басым бағыттарына аудара отырып іске асырады.

Қазіргі заманғы мемлекеттің бюджеті экономиканы мемлекеттік реттеудің, шаруашылық конъюнктураға ықпал етудің, дағдарысқа қарсы шараларды іске асырудың күшті тетігі болып табылады; оның функцияларының көптігін, кіріс және шығыс сипатындағы құрылымды сипаттайтын күрделі көп жоспарлы құжатты көрсетеді.

Бюджет – бұл тұтас ел мен оның аумақтарының экономикалық және әлеуметтік дамуын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттарды құру және жұмсаудың ерекше нысаны.

Ресурстардың қаншалықты үлкен бөлігі бюджет пен бюджеттен тыс қорларға жұмылдырыса, экономиканы мемлекеттік реттеу дәрежесі соғұрлым жоғары болады.

Мемлекеттік бюджет - бұл мемлекеттік билік органдарының заң күші бар, ҚР Парламенті мен облыстық маслихаттар шешімімен бекітілетін функцияларын қамтамасыз ету үшін құрылатын ақшалай қаражаттарды қалыптастыру мен жұмсаудың негізгі қаржылық жоспары. Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіреді.

Қазақстанда мемлекеттік бюджет – елдің қаржы жүйесінің алдыңғы тармағы, ол мемлекеттің кірістері мен шығыстарын біріктіреді, яғни бюджет арқылы ресурстарды жұмылдыру мен оларды жұмсау іске асырылады. Қаражаттарды орталықтандыру маңызды экономикалық және саяси мәнге ие, өйткені

жұмылдырылған кірістер мемлекет көздеген шараларды өмірге енгізудің ең басты құралы болып табылады. Бұл ресурстарды оңтайландыруға, оларды экономикалық және әлеуметтік дамудың шешуші бөліктеріне жұмылдыруға, ел аумағында біріңғай экономикалық және қаржылық саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның көмегімен ұлттық кіріс қайта бөлінеді, экономика- ны мемлекеттік реттеу мен ынталандыру, әлеуметтік саясатты қаржылық қамтамасыз ету іске асырылады. Мемлекеттік бюджет, қаржы ресурстарын өндірістік күштерді ең ұтымды орналастыру талаптарын есепке ала отырып, сала аралық және аумақтық қайта бөлуге, ел экономикасын көтеруге кеңінен пайдаланылады.

Қаржы ресурстарын орталықтандыру мемлекеттің кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге; қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыруға, халықты әлеуметтік қорғауға, басым салаларды қаржыландыруға; әлеуметтік-мәдени шараларды өткізуге; қорғаныс сипатындағы тапсырмаларды шешуге; мемлекеттік басқарудың жалпы шығындарын, тұтас экономиканың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық құнның үздіксіз құнын ұйымдастыру үшін жабуға пайдаланылатын ақшалай қаражаттар қорын жоспарлы құру мен пайдалану үшін керек.

Қазақстан Республикасында дамыған нарықтық қатынастарды қалыптастырудың қазіргі жағдайында мемлекеттік бюджет мемлекеттік реттеудің күшті тетігі, халық шаруашылығын қайта құрудың, халықты әлеуметтік қорғаудың, еңбеккерлердің өмірінің материалдық және мәдени деңгейін көтерудің, әртүрлі меншік нысандарын қолдаудың, басқа елдермен экономикалық қатынастарды жүргізудің күшті құралы болады. Мемлекет жалпы ішкі өнімді бөлу процесінде жеке және заңды тұлғалармен ақшалай қатынасқа түседі, бұл жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларын қалыптастыру мен пайдалануға негіз болады.

Мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық кірісті бастапқы және қайталама бөлу процесінде бөлу қатынастары пайда болады.

Ол қаржы ресурстарын құндық қайта бөлудің ерекше нысаны болып табылады, елдің аймақтары, халық шаруашылығы салалары, меншік нысандары арасында қаржы ресурстарын қайта бөлу

үшін арналған, елдің дамуының әрбір тарихи кезеңінің кеңейтілген ұдайы өндіріске деген қажеттілігі ақшалай қаражаттарды бөлу үйлесімділігін анықтайды; құнды мемлекеттік бюджет арқылы бөлу елдің қаржы жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Ел бюджетінің құрылымы оның мемлекеттік құрылымына тәуелді болады. Біртұтас мемлекет болып табылатын Қазақстанда бюджет жүйесі екі деңгейлі құрылымға ие. Мемлекеттік республикалық бюджет және мемлекеттік жергілікті, аумақтық бюджет.

Мемлекеттік бюджет – ел үкіметінің мемлекеттік аппаратты, қорғаныс күштерді, керекті әлеуметтік-экономикалық функцияларды орындауды қаржыландыру үшін иеленетін ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қоры. Бұл экономиканы мемлекеттік реттеудің, экономикадағы дағдарыс құбылыстарына ықпал етудің күшті тетігі. Бұл мемлекеттік шығыстар мен оларды қаржылық бақылау көздерінің жылдық жоспары.

Мемлекет қоғамның өмір сүру қызметінің барлық сфераларына, ең алдымен экономика сферасында реформалаушы болып қалады. Оны рөлі дамудың жаңа кезеңіне өту үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруден, реформаны қаржылық қолдаудан, олардың барысын бақылаудан көрінеді.

Мемлекеттің құрылып отырған орталықтандырылған қор мөлшері экономиканың даму деңгейіне, оны басқару әдістеріне, қойылған тапсырмаларды тиімді шешуге тәуелді болады.

Мемлекеттік бюджеттің тағайындалуы – елдің экономикасының тұрақты және тиімді дамуына, экономикалық өсуіне жағдай жасау, жалпы мемлекеттік және әлеуметтік тапсырмаларды шешу.

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің маңызды функцияларын іске асыруға көмектеседі:

1. Экономикалық: маңызды халық-шаруашылық объектілерін субсидиялау жолымен қаржыландыруды қамтамасыз ету. Жоғарғы тиімді және тез өтелімді жобаларды іске асыратын салаларға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Әлемдік қаржы дағдарысы кезінде ҚР-да 30 корпоративтік көшбасшыға көмек базасында жоғарғы технологиялық жоспар іске асырылуда. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры АҚ мемлекеттік конференцияларға үміткер

97 жобаның 45-ін таңдап алды. Бірінші болып металлургиялық кешендер танылды: Павлодар облысындағы электролиз зауыты, ШҚО танталды конденсаторлық ұнтақ өндіру кешені, «Арселор-Митал Темиртау» компаниясының сұрыпты жайылма өндірісі және «Восход» кеніндегі тау байыту комбинаты.

Орта және кіші бизнестер де мемлекеттік жобалардың гранттарды бірігіп қаржыландыру, банктік несие ставкаларын субсидиялау, жеңілдетілген салық салу түріндегі көмегін күтеді.

Мемлекет ауыл шаруашылығына ерекше көңіл бөліп отыр. Мемлекеттік бюджеттен асыл тұқымды мал шаруашылығы қаржыландырылатын, өнімділікті көтеру процесі және өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын көтеру қолдау табады, көктемдік дала және жинау жұмыстары үшін, тауарлы материалдық құндылықтармен, ауылшаруашылығы өндірушілерін сумен жабдықтау, мал-шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын дамыту субсидияландырылды; ауыл инфрақұрылымын дамыту мақсаттарына, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі мен нарығын басқару жүйесін дамытуға субсидиялар, суармалы егіншілік үшін су шаруашылығы жүйесін құруға, тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражаттар бөлінеді.

2. Реттеуші. Мемлекеттік бюджет жалпы ішкі өнім мен ұлттық кірісті саларалық және аумақ аралық бөлудің маңызды құралы болып табылады. Салықтар мен субсидиялар көмегімен бір салалар қызметі шектеледі және келесілеріне көмек көрсетіледі. Шығыстар мен салықтар арқылы мемлекеттік бюджет экономика мен инвестицияларды реттеу мен ынталандыру, өндіріс тиімділігін көтеру құралы болады.

3. Әлеуметтік: әлеуметтік саясатты қаржылық қамтамасыз ету. Мемлекет ақысыз орта және кәсіби білімді, бөлшекті ақысыз жоғарғы білім мен денсаулық сақтауды қамтамасыз етеді, дәулетсіз азаматтарға тегін тұрғын үй, балаларына жәрдемақы, әлеуметтік қақтығыстарға жол бермеу мақсатында азық-түлік бере отырып қолдау көрсетеді.

4. Саяси: әскерді, құқық қорғау органдарын ұстау.

5. Ғылыми-техникалық: іргелі ғылымдарды, мемлекеттік ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру.

6. Бақылаушы: ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларының құралуы мен пайдаланылуына бақылау жасау.

Мемлекеттік бюджеттің мәні мен рөлі өндіріс әдісімен, мемлекеттің функцияларымен анықталады, қаржының бөлу және бақылау функциялары арқылы іске асырылады. Осы функциялар арқылы бюджеттің қоғамдық тағайындалуы көрінеді – жиынтық қоғамдық өнімді бөлу құралы ретінде қызмет етеді.

Бірінші функцияның арқасында мемлекеттің қорын қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында орталықтандырылған қорды қалыптастыру және пайдалану жолымен ақшалай қаражаттарды шоғырландыру мен орталықтандыру жүзеге асады; экономиканың шешуші бөлімдеріне, әсіресе қаржылық дағдарыстың қолайсыз уақытында ақшалай қаражаттар бөлінеді, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетілу, халықты әлеуметтік қорғау іске асырылады. Бөлу мен қайта бөлудің нәтижесінде ақшалай ресурстардың әртүрлі қорлары қалыптасады: мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің, әлеуметтік сақтандырудың, зейнетақымен қамтамасыз етудің, инновациялық қорлар, ұлттық қор және т.б.

Бөлу функциясы мемлекеттің қоғамдық өндіріс процесіне араласуы үшін пайдаланылады, олар – кәсіпорынның шаруашылық қызметін реттеу, экономикалық өсу қарқынын жеделдету, кәсіпкерлердің шаруашылық белсенділігін күшейту, бюджет арқылы мемлекет ұлттық кірісті қайта бөлуге ғана емес, сонымен қатар оның өндірісіне, ақшалай қаражаттарды жинақтауға, тұтыну сферасына, экономиканы монополиясыздандыру процесіне және өндірісті қоғамдастыруға, оны мемлекет иелігінен алуға ықпал етеді. Қаржы жүйесінің бірде бір буыны бюджет сияқты әртүрлі бөлуді іске асырмайды.

Бақылау функциясы қаржылық ресурстардың қаншалықты уақытылы және толығымен мемлекет иелігіне түсетіндігін, оларды пайдалану тиімділігін, ақшалай қаражаттарды бөлудегі үйлесімділікке бақылау жасауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік кірісті қалыптастыру кезінде қаржылық бақылау әртүрлі

салық түрлерін алу дұрыстығына, кірістердің басқа кездерін жұмылдыруға, олардың арасындағы белгіленген үйлесімділікті сақтауға, салық базасын анықтауға, жеңілдікті салық салу нысандарына, кірістердің түсу мерзіміне жасалынады.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсауда оларды пайдалану тиімділігі, мақсатты тағайындалуға сәйкестігі бақыланады. Қаржылық бақылау қоғамдық өнім мен ұлттық кіріс өндірісіне, бөлу мен тұтынуға жүргізіледі.

Бюджеттік ресурстардың қозғалысы бақылау функциясын орындауға негіз болады.

Мемлекеттік бюджетті құру мен пайдалануды іске асыру, экономикаға ықпал ету бюджеттік механизм арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік механизм – бұл бюджеттік қатынастар, мемлекеттің ақшалай қаражаттарының орталықтандырылған қорларын құру мен пайдаланудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы, мемлекеттік реттеудің қаржылық шараларының жиынтығы. Оның көмегімен мемлекеттің бюджет саясаты іске асырылады және осы тарихи кезеңде экономикалық, әлеуметтік және саяси тапсырмаларды шешудегі бюджеттік қатынастардың нақты мақсаттарын сипаттайды.

Бюджеттік механизмнің тағайындалуы – қоғамдық өндіріс құрылымын қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жетілдіру.

Бюджеттік механизм:

- экономика мен әлеуметтік сфераның өсуіне ықпал етеді, ғылыми-техникалық базаны жаңалайды және жетілдіреді;
- мемлекеттің бюджеттік саясатын жүзеге асырудың белсенді құралы болып табылады. Оны экономикалық және әлеуметтік процесстердің ағымын бақылауға мүмкіндік беретін, елдің бюджеттік қорын қалыптастыру мен пайдалану кездерін сипаттайтын, бюджеттік кірістер мен шығыстар баптары бойынша бағалауға болады;
- қоғамның дамуына қарай, экономика сапалы жаңа белгілерге ие болады: бюджеттік саясаттың басымдылықтары өзгереді, бюджеттің экономикаға жанама ықпал ету әдістері өзгереді; бюджеттік жоспарлау әдістемесі қайта құрылады;

- кәсіпкерлердің іскерлік белсенділік деңгейіне ықпал етеді. Салықтар, салықтық жеңілдіктер, бюджеттік қаржыландыру көлемі мен бағыты арқылы өндірістік қорлардың жылдам жаңалануына, өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді тез енгізуге ықпал ете отырып, шаруашылықтың әртүрлі талаптарына тиімділіктің көтерілуіне ықпал етеді;
- бюджеттің кірістері мен шығыстарының теңгерімділігіне қол жеткізуге, негізсіз шығындарды төмендетуге, кіріс бөлігінде салықтық және басқалай түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді;
- мемлекеттік бюджет ішіндегі қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді;
- мемлекеттің бюджет саясатын бюджеттің тапшылығы қатынасында фискалдық саясатты орындауға бағытталады;

Экономикалық категория ретінде бюджеттік саясат өзінің айрықша ерекшеліктеріне ие:

- үнемі бөлу қатынастарының қатысушысы болып табылатын мемлекетпен байланысты;
- жалпы ішкі өнім (керекті және қосымша өнім) мен ұлттық байлықтың бөлігіне қоғамдық өндірістің маңызды сферлары (өнеркәсіп ауыл шаруашылығы, құрлысы және т.б.) арасында салалар ішінде, өндірістік және өндірістік емес сфералар, елдің аймақтары мен аумақтары арасында, сонымен қатар жекешелендіру, мүлікті конфискелеу процестерінде, алтын-валюта резервтерін сағуда бөледі;
- қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру функциясын (яғни мемлекеттің жекелеген сферларының бағдарламалардың, халық жігінің) орындайды;
- мемлекет қолындағы ұлттық кірістің бөлігін жекешелендірумен және оны қоғамдық қажеттіліктер үшін пайдаланумен байланысты қайта бөлу қатынастарының ерекше экономикалық нысаны болып табылады;
- бюджеттік бөлу облысы мемлекеттік қаржы құрамында орталық орынды алады, ол бюджеттің қаржы жүйесінің басқа буындарымен салыстырғанда өзекті жағдайда екендігімен анықталған.

Ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларының сандық мөлшерін белгілеу, оның құрылу және пайдалану нысандары мен әдістерін регламенттеу, бюджетті атқаруда қаржы ресурстарын қайта бөлу процесінде ел экономикасын реттеу іске асырылады.

Мемлекеттік реттеудің маңызды көрсеткіші болып бюджет шығыстары көлемінің ЖІӨ көлеміне қатынасы табылады. Бұл көрсеткіш жоғары болған сайын экономиканың реттелу деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Мемлекеттік бюджеттің жалпы көлеміндегі республикалық бюджеттің үлесі де маңызды мәнге ие: оның көрсеткіші жоғары болған сайын бюджетті орталықтандыру деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бұл көрсеткіштің жоғарғы деңгейін (50% жоғары), әсіресе аймақтық қаржылардың өкілеттілігі мен жауапкершілігінің кеңеюінде оң деп санауға болмайды.

Мемлекеттік бюджет «\_\_\_ жылға Республикалық бюджет туралы» және «\_\_\_ жылға облыстық мәслихаттың шешімі» ретінде бірлік, толықтық нақтылық және ашықтық принциптері негізінде қабылданады.

Бірлік қағидаты бюджет жүйесінің ұйымдастыру-экономикалық орталықтандыру деңгейін білдіреді, бірыңғай бюджет жүйесінде, ел аумағында мемлекеттік кірістер мен шығыстардың жалпы жүйесінде қаржы құжаттарының ортақтығынан, бірыңғай бюджеттік сыныптамадан көрінеді. Ол бюджеттік жоспарлау әдістемесі мен ұйымдастыру бірлігін туындатады.

Толықтық қағидаты бюджетте ақшалай қаражаттардың түсімі мен жұмсалуды бойынша үкіметінің барлық қаржылық операцияларының шоғырланатынын білдіреді.

Нақтылық қағидаты бюджетте мемлекеттің қаржылық операцияларының шынайы сипатталуын, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттік тағайындалуларға сәйкестігін, кірістер мен шығыстардың барлық көздерін анықтауды, бюджеттік салалардың атқарылуға сәйкестігін қарастырады. Қазақстанда бұл принцип толық жұмыс істемейді, мақсатты қорлар үнемі тағайындалуды бойынша пайдаланылмайды.

Жариялылық қағидаты бюджет кірістері мен шығыстары, бюджет құрылымы, жетіспеушілік мөлшері мен оларды басқару әдістері туралы мәліметтерді жұртшылық үшін жариялауды қарастырады. Қазақстан Республикасында бұл принцип ең алдымен республикалық және аймақтық бюджеттер жобасын басып шығару, соңынан оның атқарылуы туралы жоспар мен нақты мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы іске асырылады.

Мемлекеттің бюджеттің мәні оның негізгі үш белгісі арқылы көрінеді:

- бұл мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары;
- бұл елдің ең ірі орталықтандырылған қоры;
- бұл қаржы жүйесінің бір бөлігі, орталықтандырылған типтегі қаржы.

Қаржы жоспарының алдыңғы рөлі салалық қаржы жоспарларын бірыңғай жүйеге бекітеді, оған тұрақтылық береді.

Қаржылық жоспарлауды талдау процесінде бюджет кірістерінің өсу және шығыстарды үнемдеу резервтері анықталады, ол шаруашылықты жүргізудің тиімділігінің өсуіне әкеледі.

Мемлекеттік бюджет ел мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының, салалардың қаржылық жоспарларының, сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету қорларының, несие және кассалық жоспарларының негізінде қалыптасады.

Мемлекеттік бюджеттің кірістері елдегі салық жүйесіне, салық ауыртпалығының ауырлығына, аймақтағы экономикалық субъектілер санына, олардың қызметінің көлемі мен тиімділігіне тәуелді болады. Мемлекеттік бюджетті жоспарлау және атқару экономикалық субъектілердің өнімді өткізуден түскен түсім көлемі, алынған пайда бойынша жоспарларын орындаумен тығыз байланысты және т.б.

Бюджеттің шығыстарында халықты әлеуметтік-мәдени мекемелермен қамтамасыз ету көрсеткіштері, олардың мөлшері, оларды ұстауға кететін қаражаттар шығыны, нормасы пайдаланылады. Бұл көрсеткіштердің өсуі бюджеттік шығыстардың өсуіне әкеледі. Мемлекеттік күрделі салымдардың үлес салмағы

қысқарады, салаларды дамытуға, аймақтардың тұрғын үй қоры мен инфрақұрылымын құруға орталықтандырылмаған күрделі салымдар үлесі ұлғаяды.

Бюджеттік жоспарлау мен бюджетті атқару процесінде мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер және мемлекеттік емес сектор қызметіне жүйелі қаржылық бақылау жасалынады. Мемлекеттік органдар алған үнемдеу режимін сақтауға, еңбек өнімділігінің өсу резервтерін анықтауға, өндіріс тиімділігін көтеруге көмектесуге тырысады. Нашар жұмыс істейтін кәсіпорындарға шаралар қолданылады.

Мемлекет мемлекеттік бюджет арқылы қарыз алушы ретінде халықтың төлем қабілетті сұранысын төмендетеді және бюджеттің тапшылығын жабады, ал кредитор ретінде елдегі ақша массасын өсіреді, ол инфляцияға әкелуі мүмкін.

Мемлекеттік бюджет мемлекет мүддесін биліктің жергілікті органдары мен аймақ халқының мүдделерімен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Республиканың мемлекеттік бюджеті ҚР мемлекеттік зейнетақы қорымен, ҚР мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен, ҚР ұлттық қорымен тығыз байланысты. Олар бюджеттен тыс қорлар болып табылады, бірақ мемлекет активтерін шоғырландырады.

Мемлекет әлеуметтік және саяси типтегі белгілі қоғамдық қатынастарды сипаттайды. Ол арқылы мемлекеттің саясаты елдің тарихи даму кезеңдеріне сәйкес жүргізіледі: ауыл шаруашылығын ұжымдандыру; ір машина индустриясын құру; коммунистік қоғам құру үшін техникалық, прогресс пен еңбек өнімділігінің өсуін ынталандыру; халықтың әл-ауқатының өсуі, әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде халықты әлеуметтік қорғау; Қазақстанның әлемінің бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына енгізу.

Ұлттық саясаттың кез келген түрі мемлекеттік бюджет арқылы көрінеді. Мемлекеттік бюджеттің мәні өсуде және анық қоғамдық өнім, не ұлттық кірісті бөлудегі маңызды рөлі сақталады.

Бюджеттік жоспарлау жоспарлы – мақсатты сипатта, ақысыз және қайтарымсыз; бюджеттік кредиттеу төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық принциптеріне сүйенеді.

Мемлекеттік бюджет ел экономикасының, оның жекелеген аймақтары мен прогрессивті салаларының дамуында дұрыс үйлесімді белгілеуге көмектеседі, қоғамдық өндірістің өсуінің ынталандырушысы ретінде қатысады.

Бөлу процесі екі нысанда іске асырылады: натуралды-заттай және құндық. Құндық бөлуге әртүрлі экономикалық категориялар қатысады: қаржы, салықтар, бюджет және т.б. Қаржының ерекшелігі оның көмегімен іске асырылатын бөлу процесінің көп қырлы болуында, алғашқы бөлудің де, қайта бөлудің де көптеген сатыларын қамтиды. Осыған орай қаржы мемлекеттік бюджетке қарағанда жалпы қаржылық қатынастарды сипаттайды.

Бюджеттің бөлудің дербес сферасы ретінде әрекет етуі – дамуы орталықтандырылған ресурстарды қажет ететін қоғаммен анықталған.

Құндық бөлудің ерекше облысы ретінде мемлекеттік бюджет ерекше қоғамдық тағайындалуды орындайды – жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет етеді. Бюджеттік қаражаттар есебінен ғылыми-техникалық прогресті жеделдетумен, қоғамдық өндірістің салалық және аймақтық құрылымындағы жоспарланған ілгерілеулерге жетумен байланысты өндірісті кеңейту бойынша шығындар іске асырылады.

Жалпы мемлекеттік көлемде резервтік қорлар, еңбекке жарамсыздарды ұстау, мемлекеттік шекараны қорғау, әскерді ұстау шығындары құрылады және т.б.

Мемлекеттік бюджеттің келесі белгілерін атауға болады:

- мемлекеттік бюджет мемлекеттің қолындағы қоғамдық өнім құнының, ұлттық кіріс пен ЖІӨ бөлігін оқшауландырумен және оны жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланумен байланысты бөлу қатынастарының ерекше экономикалық нысаны болып табылады;
- мемлекеттік бюджет құнды салалар, экономика, ел аймақтары арасында қайта бөлуге арналған;
- мемлекеттік бюджет құндық бөлудің қоғамдық өнімнің тауар нысанындағы қозғалысымен тікелей байланыссыз және одан белгілі алшақтықта іске асырылатын сатысын сипат-

тайды, ал материалдық өндіріс пен өндірістік емес сферада қаржы қатынастары тауарлы-ақша қатынастарымен тығыз байланысады;

- қоғамдық өнім құнын бюджеттік бөлу үйлесімі мен нысандары тұтас кеңейтілген ұдайы өндірістің қажеттіліктері мен қоғамның алдында әрбір даму сатысында тұрған тапсырмалары арқылы анықталады;
- бюджеттік бөлу облысы қаржы жүйесінің басқа буындары қатынасында алдыңғы рөлді орындай отырып, қаржы құрамында орталық орынды алады.

Осылайша, мемлекеттік бюджет қоғамда орын алатын, өз сипатын бюджеттік ресурстарда табатын нақты экономикалық процестер мен ақшалай нысандағы өндірістік қатынастарды сипаттайды.

Бюджеттік ресурстар – бұл қоғамдық өнім мен ұлттық кірістің құндық бөлудің белгілі сатысынан өткен және мемлекеттің иелігіне өндірістің қажеттіліктерін, халықтың әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін, қорғаныс пен басқару қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін түскен бөлігі қозғалысының экономикалық нысаны.

Бюджеттік ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану құнның бөлу мен қайта бөлумен байланысты қозғалыс процесін сипаттайды.

Бюджеттік саясат – мемлекеттік бюджетті қалыптастыру және пайдалану сферасындағы мемлекеттің іс-әрекет желісі. Оның тапсырмалары келесідей:


1. Экономиканы өндірістің құлдырауынан сақтау.
2. Ақша қатынасын нығайту, бюджеттің тапшылығын төмендету.
3. Әскери шығындарының үлесін азайту.
4. Мемлекеттік басқаруға шығындар үлесін азайту.
5. Инфляцияны басу мақсатында ақша массасын қатаң бақылау.
6. Инвестициялық белсенділікті ынталандыру, ұлттық кірістегі жинақтар үлесін ұлғайтуға қол жеткізу.

7. Материалдық өндіріс сфераларына дотацияларды қысқарту.
8. Бюджеттің кіріс бөлігін салық жүйесін жетілдіру жолымен нығайту және салықтарды төлеудің толықтығына бақылауды күшейту.
9. Мемлекеттің қаражаттардың жұмсалыуына бақылау жасаудың тиімді жүйесін құру.
10. Мемлекеттік қарыз шамасына бақылауды күшейту.

Бюджеттік саясаттың негізгі тапсырмалары – әлеуметтік сфераны толыққанды қаржыландыру, инвестициялық белсенділікті ынталандыру, мемлекеттің өз міндеттемелерін сөзсіз орындауы.

Бюджет жүйесінде кірістер мен шығыстардың бөлу екі тапсырманың шешіміне бағынады:

- қаржы қатынасының субъектілерін бюджеттік қаражаттардың керекті көлемімен үлестіру;
- жүргізу сферасына сәйкес келетін бюджеттік шығыстарды анықтау.



### Мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстары, олардың құрамы мен құрылымы

Ақшалай қаражаттардың қалыптасуымен және пайдаланылуымен байланысты бюджеттің қызмет етуі ерекше екі нысан – бюджеттің кірістері мен шығыстарының көмегімен жүргізіледі. Олар құндық бөлудің жекелеген сатыларын сипаттайды. Екі категория да объективті сипатта, бюджеттің өзі ерекше қоғамдық тағайындалуға ие:

- кірістер мемлекетті керекті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз етеді;
- шығыстар орталықтандырылған ресурстарды мемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі.

Мемлекеттің бюджеттің құрылымы бюджеттік сыныптамаға сүйенеді және келесі элементтерді қамтиды:

1. Кірістер.
  - 1.1. Салықтық түсімдер.

- 1.2. Салықтық емес түсімдер.
- 1.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер.
- 1.4. Трансферттердің түсімдері.

2. Шығындар.

- 2.1. Салалар бойынша шығындар.
- 2.2. Қарызды өтеуге қызмет көрсету шығындары.
- 2.3. Трансферттердің шығындары.

3. Операциялық сальдо.

4. Таза бюджеттік кредит беру (несиелеу операциялары бойынша сальдо).

5. Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо.

6. Бюджет тапшылығы (профицит).

Мемлекеттік бюджеттің кірістері – салық және салықтық емес түсімдерден, сонымен қатар негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер мен алынған ресми трансферттерден қалыптасады.

Бюджетті толықтыру үшін мемлекеттік қарыздар (ҚР Үкіметі, ҚР ҰБ, жергілікті атқарушы органдардың) іске асырылуы мүмкін. Олар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды (қысқа мерзімді -1 жылға дейін, орта мерзімді -1 жылдан 5 жылға дейін, ұзақ мерзімді-5 жылдан аса) шығару немесе қарыз келісім шарттарын жасау негізінде, сыртқы және ішкі болуы немесе заем келісімдерін жасау арқылы болуы мүмкін. Мемлекеттік бағалы қағаздар бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында, қарыз құралдарының ішкі нарығын құжатталған және құжатталмаған нысанда номиналды құны, сыйақының тіркелген немесе өзгермелі ставкасымен дисконтталған құн бойынша ықпал ету мақсатында шығарылуы мүмкін. Қарыз соммасы сыртқы және ішкі болуы мүмкін мемлекеттік қарызды құрайды.

Мемлекеттік бюджеттің шығындары бюджеттік сыныптама баптарына сәйкес жіктеледі.

Кірістер мен шығындардың болу процесі келесі принциптерге негізделеді:

- орталықтандырылған реттеу, ол заңнамамен әртүрлі деңгейдің кірістері мен шығыстары жүйесін анықтайтын жалпы негіздерді, аударымдардың нормативтерін бекіту

тәртібін, қарыз қаражаттарын пайдалану жағдайын, кірістердің түрлерін түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында болу шартын белгілеуден көрінеді және т.б.;

- созылмалы бюджеттік тапшылық жағдайында арнайы әзірленген шаралар жүйесі арқылы бюджетті ең жоғарғы деңгейде мүмкін теңдестіру;
- бір ведомстваға жатушылық, ол бюджетте сәйкес билік органдарының басқару пәніне қатысты объектілер мен шаралар қаржыландырылады;
- кірістерді есепке алуға аумақтық, ол ҚР «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес жергілікті бюджеттерді қалыптастыруда қолданылады;
- бюджеттердің тәуелсіздігі (дербестігі), биліктің өкілетті органдары кірістердің жекелеген түрлерін өзінің төмен тұрған бюджеттері арасында бөлу тәртібін анықтауға құқылы.

Шығындардың маңызды бағыты болып бюджеттік кредитті беру, пайдалану, қызмет көрсету және өтеу туралы шешім қабылдау тәртібін қамтитын процесс ретінде бюджеттік кредиттеу табылады.

Кредит беруші ретінде ҚР Үкіметі мен оның атынан – бюджеттің атқарылуы бойынша орталық өкілетті орган, ал қарыз алушы ретінде экономикалық субъект (банк, жергілікті атқарушы орган, шетелдік мемлекет, заңды тұлға, жеке тұлға) қатысады.

Бюджеттік кредиттеу субъектілері болып кредит беруші, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, қарыз алушы, түпкілікті қарыз алушы, сенімді агент табылады.

ҚР Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Мемлекет қарыз алушы – ҚР резиденті – қарызды төлемеген жағдайда оған тиесілі соманы толығымен өтеу туралы жауапкершілікті қарыз беруші алдында ала отырып, кепілдеме беруші немесе кепілші ретінде қатыса алады. Мемлекеттік кепілдіктер немесе кепілдемелер кепілдеме туралы келісім шарт негізінде республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген лимит шегінде беріледі.

Борышқа қызмет көрсету шығындары – бұл қарыз сомасын, ол бойынша сыйақыларды (пайыздарды) төлеу және қарыздарды орналыстыруға комиссия төлеу.

Операциялық сальдо – бюджет кірістері мен шығындары арасындағы айырмашылық.

Таза бюджеттік кредит беру – бюджет кредиттері мен бюджет кредиттерін өтеу арасындағы айырмашылық.

Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо – бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістер мен олар бойынша алынған пайыздар және оларды бағалы қағаздар нарығында сату-сатып алу бойынша шығындар арасындағы.

Бюджет тапшылығы (профициті) таза бюджеттік кредиттерді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоньы шегергендегі операциялық сальдоға тең.

4-ші кестеде ҚР 1995-2006 жж. аралығындағы мемлекеттік бюджет көлемі көрсетілген.

Кестеде келтірілген мәліметтер бойынша он бір жыл ішінде кірістердің 199032 млн. теңгеден 2338034 млн. теңгеге яғни, 11,7 есеге; салықтық түсімдердің – 13,83 есеге, салықтан тыс түсімдердің – 2,49 есеге, капитал мен операциялардан түскен кірістердің – 4,29 есеге өскенін көреміз. Өсудің осындай қарқыны қаржы жүйесі құрамындағы салық саясаты рөлінің көтерілгендігі, оң тенденциялар туралы айтады.

Бұл жағдай келесі көрсеткіштерден де көрініс тапты:

ЖІӨ мен кірістердің пайыздағы үлесі 19,6-дан 22,9 %-ға, салықтық түсімдер үлесі салықтық емес түсімдер, капиталмен операциялардан түскен кірістер үлесімен алынған ресми трансферттердің төмендеуі есебінен 15,8-ден 21,6 % өсті.

4-кесте. 1995-2006 жж. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті.

Кірістер мен шығыстар түрлері	1995 ж.			2006 ж.			Өсу қарқыны
	Абсолютті	Қорытындыға, %	ЖІӨ -ге %	Абсолютті	Қорытындыға, %	ЖІӨ-ге %	
1	2	3	4	5	6	7	8
Тусімдер	219395	100	21,6				
Кірістер	199032	90,7	19,6	2338032	100	22,9	11,7
Салықтық түсімдер	159636	72,8	15,8	2209102	94,5	21,6	13,83
Салықтық емес түсімдер	21918	10	2,2	54764	2,3	0,5	2,49
Капиталмен операциялардан түскен кірістер	17278	7,9	1,7	74166	3,2	0,7	4,29
Алынған ресми трансфертер	20363	9,3	2		0		
Кредиттеуді есепке алумен шығыстар	260240	100	25,7				
Шығындар	260240	100	25,7	2150560	100	31,1	8,26
Жалпы сипаттағы мемлекеттік шығындар	10109	3,9	1	124546	5,8	1,2	12,3
Қорғаныс	10830	4,2	1,1	99992	4,6	1,0	9,23
Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік	17539	6,7	1,7	179872	8,4	1,8	10,25
Білім беру	45630	17,6	4,5	327291	15,2	3,2	18,66
Денсаулық сақтау	29954	11,5	3	223373	10,4	2,2	7,45
Әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмек	7837	3	0,8	422423	19,6	4,1	53,90

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Мәдениет, спорт және ақпараттық кеністік	6918	2,7	0,7	81164	3,8	0,8	11,73
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	7330	2,8	0,7	135010	6,3	1,3	18,4
Отын - энергетика кешені	943	0,4	0,1	35786	1,7	0,4	37,9
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы	5893	2,3	0,8	77025	3,6	0,8	13,08
Өнеркәсіп пен құрылыс	523	0,2	0,1	7354	0,3	0,1	14,06
Көлік және байланыс	1481	0,6	0,1	161807	7,5	1,6	109,25
Басқалай қызметтер	78515	30,2	7,7	48812	2,3	0,5	0,62
Негізгі топқа жатқызылмаған шығыстар	36538	14	3,6				
Қарызға қызмет көрсету				28698	1,3	0,3	
Ресми трансферттер				197407	9,2	1,9	
Операциалық салыда				187474		1,8	
Таза бюджеттік кредиттеу				7917		0,1	
Қаржы активтерімен операциялар бойынша салыдо				97937		1,0	
Тапшылық (-), профицит (+)	-40845		-4	81620		0,8	

Ескерту: ҚР Статистика агенттілігінің мәліметтері пайдаланылған.

Шығындар 260240 млн. теңгеден 2150560 млн. теңгеге, яғни 8,26 есе және ЖІӨ құрамында 25,7-ден 31,1 % өсті.

Шығыстардың өсуінің ең үлкен қарқыны көлік пен байланыста белгіленген – 109,25 есе, бұл мемлекеттің базалық жоғарғы технологиялық салалар мен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған құрылымдық саясатына сәйкес келеді.

Әлеуметтік көмектің өсуінің жоғарғы қарқыны (53,9 есе) Қазақстанның әлеуметтік бағытталған мемлекет болып келе жатқандығы туралы айтады.

Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласына бюджет шығыстары 37,9 есе өсті, ол елді меншікті энергоресурстарымен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік стратегияның басымдығын іске асыруды куәландырады.


Біздің пікіріміз бойынша, республиканың қиындықты сезініп отырған ауыл шаруашылығына мемлекет көмегінің өсу қарқыны жеткіліксіз болып отыр. Ол көптеген елдерде дотациялық болып табылады.

Мемлекеттік басқаруға шығыстар үлесінің ұлғаюы (3,9%-да 5,8% ) теріс факт, ЖІӨ-дегі бюджеттік тапшылық үлесінің төмендеуі – оң факт болып табылады, соңғысы ХВҚ талаптарының бірі болып табылатын - бюджетті теңдестіру деңгейін көтеру туралы куәландырады.

Кірістердің өсу қарқынының (11,7 есе) шығындардың өсу қарқынан (8,26 есе) асуы бірқатар салықтар бойынша салық ставкаларының негізділігін көрсетеді.


Мемлекеттік саясатта аумақтарды басқару бойынша жергілікті қаржылардың рөлін күшейтуді қарастыратын жергілікті органдарға функциялардың көп санын беру прогрессивті бағыт болып табылады. Соның салдарынан жергілікті бюджеттердегі қаражаттар үлесі өсуі керек, бірақ мәліметер кері жағдайды көрсетуде.

12-суретте республикалық бюджеттің жергілікті бюджеттер қатынасындағы өсу тенденциясы суреттелген.



12-сурет. 1998-2006 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттері көлемінің серпіні.

13-суретте республикалық бюджеттің 2006 жылға құрылымы көрсетілген. Ол бюджетті олталықтандырудың жоғарғы дәрежесін көрсетеді.



13-сурет. Қазақстан Республикасының 2006 ж. мемлекеттік бюджет құрылымы

Қазақстанның қаржы жүйесін реформалау жалғасуда. Республикалық бюджеттің әлеуметтік бағыттылығы іске асырылуда. Балаларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге; мүгедектерді оңалту бағдарламасын іске асыруға, әлеуметтік қорғалған азаматтарға сымтетік үшін абоненттік төлем тарифтерін көтеруге өтемақыға, ауыз суды беру бойынша қызметтер құнына демеу қаржы беруге, әлеуметтік мәні бар қатынас бойынша темір жол тасымалдауына демеу қаржы беруге; ядролық сынақтан зардап шеккен тұрғындарға жәрдемақы беруге қаражаттар қарастырылған.

Білім беруді дамыту бағдарламаларын, денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, кіші

қалаларды дамыту бағдарламаларын, сонымен қатар мектепке дейінгі балалар мекемелері құрылысын қаржыландыру жоспарлануда.

Елдің оңтүстік аймақтары тұрғындарын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіруші ұйымдардың шығындарын өтеу үшін, елдің жекелеген аудандарының тұрғындарына әлеуметтік адресі көмек ретінде нысаналы трансферттер қарастырылған.

АШК дамытуды мемлекеттік қолдауға ауыл шаруашылық техникасына қаржылық лизинг бойынша және екінші деңгейлі банктердің ауыл-шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға кредиттері бойынша сыйақы ставкаларының орнын толтыруға, өсімдік шаруашылығында сақтандыруды қолдауға, ауыл шаруашылығы нарықтарын басқару жүйесін дамытуға шығыстар қарастырылған.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсаудың маңызды бағыттары болып мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын іске асыру, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй құрылысын сыйақының нөлдік ставкасында несиелеу шығындары табылады.

Облыстық бюджеттерге мемлекеттік бюджет элементтеріндегідей бюджеттің саясаттың негізгі принциптері іске асырылады – облыс аудандарының әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлерін түзету, оның ішінде, ОҚО облыстық бюджетінде облыстың барлық аудандарына субвенциялар, құрылысқа, қайта құруға, күрделі жөндеуге, білім беру объектілерін материалды-техникалық жарақтандыру мен ақпараттандыруға; инженерлік-коммуникациялық тараптарды қайта құруға; сумен жабдықтау және коммуналды шаруашылық жүйесін дамытуға; аз қамтылған жанұялардың 18-толмаған балаларына жәрдемақы төлеуге; АШК мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу бағдарламасын іске асыруға нысаналы трансферттер қарастырылған.

2006 жылы мемлекеттік бюджетке түсімдер ЖІӨ-нен 22,9 % құрады және кірістер салықтық түсімдердің есебінен өсті.

Бұндай серпін елдегі экономикалық субъектілердің іскерлік белсенділігінің өсуін куәландырады. Ол салықтық түсімдерді ұлғайтады және бірқатар салықтарды төмендетуге негіз болады, бұл республикада іскерлік белсенділік пен экономикалық өсудің көтерілуіне әкеледі. Бұл жағдай тұтас алғанда елдің қаржы саясатының құрамдас бөлігі ретінде бюджет және салық саясаттарының оң бағыттылығын білдіреді.

Қазақстанда орта мерзімді кезеңде ақша-несие саясатымен үйлесімділікте іске асырылатын бюджет саясаты мемлекеттік бірыңғай қаржы саясатының тұрақты экономикалық өсуге, халықтың әл-ауқатын, ел экономикасының қаржы ресурстарын қайта бөлуге, мемлекеттің қатысуының тиімділігін көтеру негізінде өсіруге жағдайды қамтамасыз ету арқылы қалыптастырудың негізі болуы керек.

5-кестеде ҚР Бюджет кодексіне сәйкес әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің кірістер құрамы көрсетілген.

5-кесте. Бюджетке салықтық түсімдер құрамы

Түсімдер түрлері	Облыстық бюджетке	Республикалық маңызы бар қалалар бюджетіне (астана)	Лудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қалалар)	Республикалық бюджет
1	2	3	4	5
1. Облыстық маслихаттардың нормативтері бойынша жеке табыс салығы	+	+	+	
2. Облыстық маслихаттардың нормативтері бойынша әлеуметтік салық	+	+	+	
3. Қоршаған ортаға эмиссияға төлем	+			
4. Облыстық және республикалық маңызы бар автокөлік құралдарының ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүруі үшін алым	+			+

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
5. Облыстық, қалалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі және аудандық Республикалық маңызы бар елді мекендердегі ашық кеңістіктегі жарнаманы орналастыру объектілерінде және көлік құралдарына орналастырылатын сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлем	+			+
6. Жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төлем	+	+		
7. Орманды пайдаланғаны үшін төлем	+	+		+
8. Жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды	+	+		+
9. Мүлікке салынатын салық		+	+	
10. Жер салығы		+	+	
11. Бірінғай жер салығы		+	+	
12. Көлік құралдарына салық		+	+	
13. Тіркелген салық		+	+	
14. Спирттің барлық түрлеріне, алкоголь өнімдеріне, темекі өнімдеріне; бекіре балық уылдырығына; атыс және газ қаруы; ҚР аумағында өндірілген, мүгедектерге арналғаннан басқа, жеңіл автокөлік; ойын бизнесі; лотереяларды ұйымдастыру мен жүргізу; авиациялықтан басқа бензин және дизель отынына акциздер.		+	+	
15. Жер учаскелерін пайдалануға төлем		+	+	
16. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеуге алымдар		+	+	
17. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым		+	+	

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
18. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге алым		+	+	
20. Республикалық бюджетке аударылатдарда басқа мемлекеттік баж		+	+	
19. Аукциондардан алымдар		+	+	
20. Мемлекеттік баж, республикалық бюджетке аударылатындардан басқа		+	+	
21. Жылжымайтын мүлікке құқық пен олар бойынша мәмілелерді мемлекеттік тіркеуге алым				
22. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеуге алым.			+	
23. Корпоративтік табыс салығы, мұнай секторынан басқа				+
24. ҚҚС				+
25. Иморт бойынша акциздер				+
26. Газ конденсатын қосы шикі мұнайға акциздер				+
27. Ойын бизнесіне салық				
28. Үстеме пайдаға салық, мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерден басқа				+
29. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем				+
30. Бонустар, мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсімдерден басқа				+
31. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы, мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсімдерден басқа				+
32. Рента салығы, мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсімдерден басқа				+
33. Жаслынған келісімшарттар бойынша өнім бөлімі бойынша ҚР үлесі				+

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
34. Өнім бөлімінің келісімшарты бойынша жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемі, мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсімдерден басқа				+
35. Республикалық маңызы бар ақылы жолдармен жүру үшін алымдар		+		
36. Республикалық маңызы бар қалалардың ақылы мемлекеттік жолдарымен жүру үшін алым		+		
37. ҚР аумағында автокөлік құраларының жүруі үшін алым, жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік жолдар бойынша алымдардан басқа				+
38. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым				+
39. Бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым				+
40. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым				+
41. Туындыға құқықты тіркеу, лицензиялық келісімдер үшін алымдар				+
42. Кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым		+	+	
43. Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу үшін алым		+	+	
44. Радиоэлектрлік және жоғарғы жиіліктегі құралдарды мемлекеттік тіркеу үшін алым				+
45. Халықаралық және қалаларалық сымтетік байланыстарын беруге төлем				+

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
46. Радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы				+
47. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы				+
48. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы				+
49. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы				+
50. Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлемақы		+	+	+
51. Әкелінетін және шығарылатын тауарларға мемлекеттік баж				+
52. Кедендік бақылау мен кедендік процедуралардан түсетін түсімдер				+
53. Отандық тауар өндірушілерді қорғау үшін мемлекеттік баж				+
54. Консульдық алым				+
55. Апостильді бергені үшін мемлекеттік баж				+
56. Жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін мемлекеттік баж				+
57. Жүргізуші куәлігін бергені үшін мемлекеттік баж				+
58. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті бергені үшін мемлекеттік баж		+		+
59. Нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж		+		+

Кестенің соңы

1	2	3	4	5
60. Интеллектуалды меншік облысында мемлекеттік заңды маңызды іс-әрекеттерінен алынатын мемлекеттік баж				+
61. Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздардан мемлекеттік баж				+
62. Техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті бергені үшін мемлекеттік баж				+

6-кестеде бюджетке салықтық емес түсімдер құрамы көрсетілген.

6-кесте. Бюджетке салықтық емес түсімдер құрамы

Түсімдер түрлері	Облыстық бюджетке	Республикалық маңызы бар қалалар бюджетіне (Астана)	Аудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қалалар)	Республикалық бюджет
Коммуналды меншіктер түскен кірістер: - облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктер, республиканың шешімі бойынша құрылған, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бөлігінің түсуі	+	+	+	+
- облыстың, қаланың, ауданның республиканың коммуналды меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетінен дивидендтер	+	+	+	+
- облыстың, қаланың, ауданның республиканың коммуналды меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесінен түскен кірістер	+	+	+	+
- облыстың, қаланың, ауданның республиканың коммуналды меншігіндегі мүлкті жалға беруден түскен түсімдер	+	+	+	+

Кестенің соңы

- облыстық бюджеттен, қала бюджетінен, аудан, республика бюджетінен берілген несиелер бойынша сыйақылар	+	+	+	+
- уақытша бос ақшалай қаражаттардың депозиті бойынша сыйақылар	+	+	+	+
2. Облыстық бюджеттен, қала бюджетінен, аудан, республика бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің тауарларын өткізуден түскен түсімдер.	+	+	+	+
3. Облыстық бюджеттен, қала бюджетінен, аудан, республика бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулардан түскен түсімдер.	+	+	+	+
4. Облыстық бюджеттен, қала бюджетінен, аудан, республика бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерімен салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	+	+	+	+
5. Қала, ауданның өкілетті органдарының шешімдері бойынша жүргізілетін мемлекеттік лотореялардан түсетін кірістер		+	+	
6. Жер учаскелерін жалға беру құқығын сатудан түсетін төлемдер		+	+	
7. ҚР ҰБ таза кірісінің бөлігінің түсуі				+
8. Қару мен әскери техниканы сатудан кірістер				+
9. Облыстық, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің негізгі капиталын сатудан түскен түсімдер	+	+	+	+
10. Жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер		+	+	
11. Мемлекеттік материалды резервтерді сатудан түскен түсімдер				+
12. Мемлекеттің иелігіндегі материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		+		+
13. Жоғары тұрған және төменгі тұрған бюджеттерден түскен трансферттер	+	+	+	+
14. ҚР ҰҚ түскен трансферттер				+
15. Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалар бюджетінен, облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен, республикалық бюджеттен берілген несиелерді өтеуден түскен түсімдер	+	+	+	+

Кестенің соңы

Мемлекеттік материалдық резервтерді, мемлекеттің иелігіндегі қаржылық активтерді сатудан түскен түсімдер, ҰҚ-дан нысаналы трансферттер, ҚР ҰҚ-таза кіріс бөлігінің түсуі, қару жарак пен әскери техниканы сатудан түскен кірістер тек қана республикалық бюджетке түседі.

Кірістерді бюджетке тұрақты немесе ұзақ мерзімді негізде бекіту салық және бюджет заңнамасымен іске асырылады. Бекітілген кірістер кез келген деңгейдегі бюджеттің тұрақты негізін құрайды.

7-кестеде әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің шығыстар түрі көрсетілген.

7-кесте. Шығыстарды әртүрлі деңгейдегі бюджет араларында бөлу


Түсімдер түрлері	Облыстық бюджетке	Республикалық маңызы бар қалалар бюджетіне (Астана)	Аудан бюджетіне (облыстық маңызы бар қалалар)	Республикалық бюджет
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	+	+	+	+
2. Қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік	+	+	+	+
3. Құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі				
4. Білім беру	+	+	+	+
5. Денсаулық сақтау	+	+		+
6. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыздық	+	+	+	+
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	+	+	+	
8. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	+	+	+	+
9. АШК: ауыл шаруашылығы, су, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын аумақтар және қоршаған ортаны, жануарлар дүниесін, жер қатынастарын қорғау	+	+	+	+
10. Өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, архитектура және құрылыс қызметі	+	+		+
11. Транспорт пен коммуникация	+	+	+	+

12. Экономикалық қызметті реттеу	+	+		+
13. Республикалық бюджетке ресми трансферттер	+	+		
14. Төмен тұрған бюджеттерге ресми трансферттер	+			+
15. Облыстық бюджетке ресми трансферттер			+	+
16. ҚР ҰҚ ресми трансферттер			+	+
17. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына, үкіметтің қарыздарына қызмет көрсету, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау	+	+		+
18. Мемлекеттік мекемелердің қызметтерін қамтамасыз ету	+	+	+	+
19. Мемлекеттің кепілдігі бойынша міндеттемелерді орындау, ҚР Үкіметінің концессиондық міндеттемелерін орындау				+
20. Үкіметтік қарыздарды хеджирлеу бойынша міндеттемелерді орындау				+
21. Бюджеттік инвестициялық жобалар	+	+	+	+

Мемлекеттік шығындар әртүрлі қорлардан – орталықтандырылған (әртүрлі деңгейдегі бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар) және орталықсыздандырылған (мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қорлары) қорларынан іске асырылады.

Бюджеттік қаржыландырудың негізгі принциптері:

- ең төменгі деңгейдегі шығындарда максималды нәтижеге жету;
- ассигнацияның мақсатты сипаты;
- жұмысты жасағаннан кейін төлеу;
- қайтарымсыздық;
- жеңілдікті несиелеу.



### Бюджет тапшылығы және оны жабу әдістері

Бюджет тапшылығы – бюджеттің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен асып кетуі байқалатын қаржылық құбылыс. Ол әртүрлі сапалық сипатта, әртүрлі табиғатта және құралуының әртүрлі себептері болады.

Тапшылық келесі жағдайларда пайда болады:

- қоғамдық өндіріс құрылымында прогрессивті ілгерілеуді қамтамасыз ету мақсатында экономиканың дамуына мемлекеттік күрделі салымдардың үлкен көлемін іске асыру қажеттілігімен байланысты;
- ірі дүлей апат немесе соғыс жағдайындағы кездейсоқ жағдайлармен байланысты;
- үкіметтің экономикалық саясаты тиімсіз және экономиканы тұрақтандыру, оны қаржылық сауықтыру, саяси шешімдерді қабылдау бойынша жедел шараларды талап ететін, экономикадағы дағдарысты құбылыстар себебі бойынша;
- қоғамдық өндірістің құлдырау себебі бойынша;
- қоғамдық өндірістің шекті шығындарының өсу себебі бойынша;
- «бас ақшаларды» жаппай шығарудан;
- әскери өнеркәсіп кешенін қаржыландыруға шығындардың өсуінен;
- көлеңкелі капиталдың ірі көлемінің айналымы салдарынан;
- ірі өндірістік емес шығындардан, қосып жазулардан, ұрлаудан және т.б.

Әлемнің индустриалды дамыған елдерінің барлығының экономикасы созылмалы тапшылықты сезінеді, барлық ол оларға әлемдік қауымдастық ортасында дамуға кедергі келтірмейді. Бұл бюджеттік тапшылықтың қорқынышты емес екендігін көрсетеді, бірақ оның мүмкін шегі сақталуы керек. Бұл шектерді Қазақстан

Республикасында мемлекеттік реттеу шеңберінде ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы мемлекеттік қарыздың шекті мөлшерінде парламент белгілейді.

Бюджет тапшылығының келесі түрлерін ерекшелейді: құрылымдық және циклдық, активті және пассивті, бастапқы, уақытша, қалыпты.

Құрылымдық тапшылық жұмыссыздықтың 6% табиғи деңгейінде ағымды шығыстар мен кірістер арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Қоғамдық өндіріс көлемі құлдырағанда жұмыссыздық өседі және оларға жәрдемақы төлеу өседі, салықтардан түсетін түсім қысқарады.

Нақты тапшылық арасындағы айырмашылық (мысалы, 11% жұмыссыздық деңгейімен 6% жұмыссыздық деңгейіндегі құрылымдық тапшылық) циклдық бюджеттік тапшылықты құрайды. Экономиканың тірілу сатысына өтуінде циклдық жетіспеушілік қысқарады, ал құрылымдық өседі.

Активті тапшылық шығыстардың, жаңа өндірістерге инвестицияның өсуімен, жұмыс орны санының, жұмыспен қамтудың ұлғаюымен және халықтың кірістерінің өсуімен байланысты, ол нәтижесінде елде экономикалық өсуге әкеледі.

Пассивті тапшылық өндірістің құлдырауынан, экономикалық субъектілердің белсенділігінің төмендеуінен, салықтық түсімдер көлемінің төмендеуімен байланысты.

Бастапқы тапшылық қарапайым тапшылық пен мемлекеттік қарыз бойынша пайыздарды төлеу арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылады.

Қалыпты деп елдегі инфляция деңгейіне сәйкес келетін тапшылық саналады. Халықаралық стандарттар бюджет тапшылығын ЖІӨ 2-3% шеңберінде ұстауды ұсынады. 10 %-на дейінгі бюджет тапшылығы болуы.

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру көздері болып несие ақша эмиссиясы, салық реформалары мен мемлекеттік қарыздар табылады. Несие ақша эмиссиясы (монетизация) ақша массасының өсу қарқынының ЖІӨ өсу қарқынынан артуына әкеледі, ол баға деңгейінің өсуі мен инфляциялық процестің жеделдеуіне әкеледі.

Үкіметтің бюджеттік тапшылықты жабудың осы тәсілін үнемі пайдалануға ұмтылуын болдырмау үшін ҚР ҰБ атқарушы биліктен (ҚР министрлер кабинеті) және заң шығару билігі мен (ҚР Парламенті) тәуелсіздігіне негізделген, түзілген механизм бар. Монетизациялау ҚР ҰБ нақты ақша эмиссиясы нысанында ғана емес, сонымен қатар оның несиесін коммерциялық банктерге кеңейту қайта қаржыландырудың есеп ставкасын төмендету нысанында болуы мүмкін, ол ақша массасын айналыс пен инфляцияға лақтыруды туындатады.

Салықтық түсімдердің өсу мәселелерін шешу әрекеттігі Салық кодексін қайта құруға жүргізілуі керек, яғни салық ставкаларын төмендету мен жиынтық салық салынатын базаны кеңейтуді қамтамасыз ететін салық реформаларының көмегімен іске асырылуы керек. Бірақ бұл жағдайда ақшаға деген сұраныстың өсуі мен оны тұрақты түрде ұсынуда несиелер бойынша пайыздық ставканың көтерілуі мүмкін. Ол сонымен қатар бюджет тапшылығы салық ставкаларының және бюджетке салықтық түсімдердің бірдей төмендеуінен өсуі мүмкін. Салық ставкаларының көтерілетін нұсқалары болуы мүмкін.

Бюджеттік тапшылықты мемлекеттік заемдар көмегімен қаржыландыру жағдайында несие бойынша орташа нарықтық ставка ұлғаяды. Ол инвестицияның таза экспорт пен тұтынушылық шығындардың төмендеуіне әкеледі. Фискалдық саясаттың тиімділігін төмендететін ығыстыру әсері пайда болады. Сонымен қатар мемлекеттік облигациялар тұрғындар арасында ҚР ҰБ, КБ, бюджеттен тыс қорларда, шет елдерде төменгі немесе жоғарғы пайызда орналастырылуы мүмкін. Елдегі ақша массасы қысқарады және ақшаға деген сұраныс өседі. Бұл пайыздық ставканың өсуіне әкеледі. Мемлекеттік қарыздар эмиссияға қарағанда қауіпсіздеу, бірақ олар да экономикаға кері ықпал етеді. Бұдан мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың бірде бір әдісі, қалғандарының алдында абсолютті артықшылықты емес және инфляциялық емес болып табылмайды. Мемлекеттік қарыз бұл бюджет тапшылығы кезінде жинақталған сомандан осы кезеңдегі профицитті алып тастағандағы сома. Сыртқы және ішкі мемлекеттік қарызды ерекшелейді. Сыртқы мемлекеттік – бұл

синдикативтік несие бойынша шетелдік мемлекеттерге, ұйымдар мен жеке тұлғаларға халықаралық қаржы ұйымдарына шетелдік банктер тобына қарызы. Бұл ел үшін ауыр салмақ, өйткені кредитор шартын орындауға, негізгі қарыз бен оған қарызды шетелдік валютада қызмет немесе тауар түрінде төлеуге тура келеді.

Ішкі қарыз – бұл мемлекеттің халқына мерзімділіктің әртүрлі дәрежесіндегі қысқа мерзімді бір жылға дейін, орта мерзімді бір жылдан бес жылға дейін, ұзақ мерзімді 5 жылдан 30 жылға дейін мемлекеттік заемдар бойынша қарызы.

Ішкі қарызды өтеу кірісті ел ішінде қайта өтеуге әкеледі, ал сыртқы қарызды өтеу елден шетелдік валютаның тауарлар немесе қызметтердің кетуімен үйлеседі. Бюджеттің тапшылығынан ішкі нарықтағы пайда болған пайыз ставкасының көтерілуі жеке инвестициялардың ығысуына және мемлекеттік бағалы қарыздарға деген сұраныстың ұлғаюына алып келеді. Бұл мемлекеттің сыртқы қарызының өсуіне келеді, бірақ ұлттық валютаға сұранысты ұлғайтуы мүмкін, ол оның бағасын көтереді, экспорт қымбаттайды және импорт арзандайды. Экспорттың азаюы экономиканың дамуын тежейді. Бюджет тапшылығы мен мемлекеттік қарыз тығыз байланысты. Мемлекеттік заем – бюджет тапшылығын жабу көзі және тапшылық шамасының қауіпін тек қана мемлекеттік қарыз мөлшерін талдау негізінде ғана анықтауға болады. Келесі жағынан – мемлекеттік қарыз мөлшерін ағымды жылдың бюджет тапшылығын зерттеу жолымен бағалау керек.

Мемлекеттік қарыз – бұл елді банкроттыққа әкелуі мүмкін, болашақ ұрпақ шығынындағы ауырталық. Үкімет өзінің қаржылық міндеттемелерін қайта қаржыландырады. Жаңа заемдарды шығарады және жиналған қаражаттар ескі қарыздарды өтеуге пайдаланылады, қарыздың негізгі сомасы мен ол бойынша пайыз төлеу үшін әрекеттегі салықтарды көтереді немесе жаңасын енгізеді.

Ішкі қарыз бір мезгілде мемлекет – қарыз алушы болғандағы мемлекеттік несие қатынасын сипаттайды. Ішкі мемлекеттік қарыз бойынша пайызды төлеу облигация иелерінің кірістерін ұлғайтады. Салық ставкаларын көтеру немесе жаңа салықтарды ендіру

өндірістің дамуының экономикалық ынталар әрекетін бұзады, инвестицияға деген қызығушылықты төмендетеді, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті күшейтеді.

Сыртқы мемлекеттік қарыздың болуы ЖІӨ-нің бөлігін шетелге беруді қарастырады, елдің халықаралық имиджін төмендетеді.

Бюджет тапшылығы, мемлекеттік бюджетті әзірлеу мен бекітуде, инфляция деңгейін шектеу, шығындар мөлшерін кірістер мөлшерін елдің дамуының макроэкономикалық бағдарламасына бағыттау жолымен реттеледі.

Егер де мемлекеттік бюджетті атқару процесінде тапшылықтың шекті деңгейінен өсу немесе түсімдердің төмендеуі орын алса, онда мемлекеттік бюджет қысқартылады, яғни қорғалған баптардан (жалақы, шәкіртақы, тамақтану және т.б.) басқа барлық баптар бойынша шығындар көлемі үйлесімді төмендейді.

Осылайша бюджет тапшылығы – экономика үшін келеңсіз құбылыс, мемлекеттік қарыздың құрамдас бөлігі деген тұжырым жасауға болады. Ол әрбір елде болуы мүмкін, бірақ ЖІӨ-нен 3% аспауы керек, ақша эмиссиясы жолымен емес, тек қана заемдар мен мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жолымен жабылуы керек.

Ел экономикасын, оның тиімділігін көтеру үшін емдеу керек. Бұл принциптерді бюджет тапшылығын төмендету мен оларды басқару бойынша шаралар бағдарламасына енгізу керек. Бағдарлама мемлекеттік кірістерді өсіру мен мемлекеттік шығыстарды төмендету бойынша шараларды қарастырады.

Бұндай шараларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- бюджет қаражаттарын экономиканың маңызды қаржылық қайтарым беретін салаларына салу;
- шаруашылықты жүргізудің ерекше шарттарын жеңілдік пен санкция көмегімен есепке алу, олар қоғамдық өндірістің тиімділігінің өсуін ынталандырады;
- шетелдік мемлекеттерге көмек беруді тоқтату;
- мемлекеттік үнемдеу мен мемлекеттік қаржыландыру көлемін қысқарту;
- маңызды әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды сақтау, бюджеттік қаржыландырудың маңызды көлемін

талап ететін жаңа әлеуметтік бағдарламаларды қабылдауға мораторий енгізу;

Бюджет тапшылығының мөлшерін басқаруға бағытталған шараларды басқа да, дағдарысқа қарсы шаралармен қатар әзірлеу ел экономикасы тұрақтылығының көтерілуіне, халықтың әл-ауқат деңгейінің көтерілуіне әкеледі.

Бюджет тапшылығы – теріс экономикалық категория, ол қаржы жүйесінің ішінде болып жатқан процестерді сипаттайды. Бюджет тапшылығының болмауы экономиканың саулығын білдірмейді.

Бірінші концепция бюджет теңестірілген болуы керек дегеннен шығады, бірақ бюджеттің бұндай жағдайы фискалдық саясаттың тиімділігін, оның циклыға қарсы және тұрақтандырушылық бағыттылығын төмендетеді. Мысалы, ұзаққа созылған жұмыссыздықта халықтың кірістері төмендейді, салықтық түсімдер қысқарады және салық ставкаларын көтеру немесе мемлекеттік шығындарды қысқарту сұраныстың одан әрі қысқаруына әкеледі. Инфляция жағдайында салықтық түсімдер ұлғаяды және үкімет салық ставкаларын төмендетуі немесе шығындарды ұлғайтуы керек. Бұл инфляцияны ұлғайтады.

Екінші концепция бюджет жыл сайын емес, экономикалық цикл барысында теңестірілуі керек дегеннен шығады. Құлдырауға төтеп беру үшін үкімет салықтарды төмендетеді және шығындарды ұлғайтады, яғни бюджеттің тапшылығын саналы түрде ұлғайтады. Көтерілу барысында үкімет салықтарды көтереді және шығындарды азайтады. Профицит алдыңғы жылғы тапшылықты жабуға пайдаланылады, бірақ олардың мөлшері сәйкес келмеуі мүмкін.

Үшінші концепция функционалды қаржылар идеясымен байланысты, онда мемлекеттік қаржының мақсаты болып бюджеттік емес, экономиканы теңестіру табылады. Сонымен қатар тұрақты экономикаға қол жеткізу тұрақты профицитпен немесе тұрақты тапшылықпен үйлесуі мүмкін. Салық жүйесі бюджетке салықтық түсімдер экономикалық өсуге байланысты өседі және бюджет тапшылығы өзінен-өзі жойылатындай болады. Бірақ республика Үкіметі мен парламент бюджет тапшылығын, оның оңтайлы мөлшерін есепке ала отырып бақылауды жүзеге асырулары керек.

Теңгерімді бюджет мультипликаторы салықтардың өсім шамасына тең үкімет шығыстарының өсімі өзінің нәтижесі ретінде өнім шығарудың ұлғаюын белгілейді. Бұл мемлекеттік шығындар өсімінің осы өсім шамасына жиынтық сұраныстың ұлғаюына әкелетінімен байланысты, ал салықтардың өсімі тұтынушылық сұраныс деңгейін қысқартады.



### *Бақылау сұрақтары:*

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің мәні мен қажеттілігін анықтаңыздар.
2. Мемлекеттік бюджетпен атқарылатын функцияларды атаңыздар.
3. Мемлекеттік бюджеттің құралу принциптерін атаңыздар.
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетіне анықтама беріңіздер.
5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің құрылымын атаңыздар.
6. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістерінің мәнін, құрамы мен құрылымын анықтаңыздар.
7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шығыстарының мәнін, құрамы мен құрылымын анықтаңыздар.
8. Бюджеттік тапшылық анықтамасын беріңіздер және оның пайда болу себептерін атаңыздар.
9. Ел экономикасы үшін бюджет тапшылығының салдарларын және оны жабу тәсілдерін атаңыздар.
10. Бюджеттік тапшылық мәселесінің концептуалды тәсіліне сипаттама беріңіздер.